

Себебі, I және II Мемлекеттік Думада қазақ депутаттарының жер мәселесін, аграрлық мәселені өте жоғары дәрежеде өте белсенді түрде көтеруі, оны үкімет алдына нақты қоя білгендігі еді.

Ә.Бөкейханның жер мәселесі туралы «Мен кадет партиясынан неге шықтым» деген ашық хатында былай жазады: «Кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келеді» [3, 99 б.].

«Жерді орыстармен (қоныс аударып келушілермен) қазақтарға тең бөліп беруге болмайды. Өйткені орыстар жерді өңдеу мәдениетін жақсы меңгерген, олар жерді қалай да ұтымды пайдаланады, кезі келгенде қазақтарды қанауға кіріседі, жер туралы менің “ұлтшылдығым” осы мәселеге келіп тіреледі» - деп Ә.Бөкейхан Жер туралы саясат жөніндегі пікірін білдірген еді [4, 91 б.].

Ә.Бөкейхан үшін өмірінің соңына дейінгі ең негізгі мәселелерінің бірі – жер мәселесі болды. Оның көтерген мәселелері бүгінгі күні өз мәнін жойған жоқ, керісінше, бұрынғыдан да зор маңызға ие болуда. Бұлардың бірі – экология, табиғат пен жер байлығын игеруді тиімді пайдалану. Оның қазақ халқының өмірінің сан қырын зерттеудегі еңбегі орасан.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейханұлының бес ұлы идеясы бүгін де өзінің мүдделі мақсатын жойған жоқ. Қайта тәуелсіздіктің тамыры тереңге кеткен сайын, алдымызға сұрақ болып шығып отыр. Ол идеялар мыналар:

Бірінші ұстаным: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейханұлының ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді».

Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейханұлының айтуынша: «Оның әр бір түйір тасы қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын.

Үшінші ұстаным: Ә.Бөкейханұлының жобасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, яғни толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс еді.

Төртінші нысана: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек.

Бесінші, түпкі мақсат: ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді. Ал бұл идеялардың ұйтқысы Әлихан Бөкейханұлы болатын.

Әлихан Бөкейхан Мэйдзи бағдарламасын жүзеге асырудың нәтижесінде артта қалған аграрлық елден 21 жылда әлемнің ең дамыған мемлекетіне айналған Жапонияның тәжірибесін үлгі етіп, Алаш мемлекетін 20-25 жылда әлемнің төріне жеткізуді жоспарлады. Алаш көсемі жапондардың тәжірибесін қазақ еліне сол қалпында орната салмай, халқының өзіндік мәдениеті мен салт-дәстүрінің негізін сақтай отырып жетілдіруді көздеді.

Сондықтан, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханұлы мұраларын зерделеу болашақ ұрпақтың әрдайым назарында болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сұлтан Хан Аққұлұлы «Алаш» қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейхан. 2011. www.azattyq.org.
2. Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917жж.) –Алматы, 2006. – 360 б.
3. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. Қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми зерттеулер, еңбектер. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995 ж.- 478 б.
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Ғылым, 1995. – 352 б.

Бекішев Қ.Б., б.ғ.к, профессор,
Аңсам М., студент,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ

Қараңғы түнде тау қалқып,
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт, дел-сел қып
Түн басады салбырап.
Шаң шығармас жол-дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы,

Сабыр қылсаң азырақ [1,330] – деп қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы И. В. Гетеден Лермонтов, ал Лермантовтан Абай қазақшаға баламалап, оның көркемдік ерекшелігін сақтай отырып керемет аударған. «Абай Құнанбайұлы кім?» - деген сұраққа кез-келген қазақ азаматы мүдірмей жауап бере алады деп нық сеніммен айта аламын. Мен бұл мақаламда Абай Құнанбайұлының лирикалық өлеңдеріне экологиялық көзқарас бойынша қарастырып, оны ғылыми тұрғыдан айқындауым қажет.

Хәкім Абай Семей облысындағы Шыңғыс тауын жайлаған Тобықты деген киелі рудың ішінде дүние есігін ашқан. Ол өзің туған өлкесіне деген махаббатын табиғат лирикалық өлеңдерінен аңғаруға болады. Абай өз заманының белді азаматы болды. Ол өмірінің көп бөлігін шығармашылыққа жұмсады. Абай өлеңдеріне үніліп қарасам тұнып тұрған экологиялық мәселелер қамтыған. Бұдан біз экология терминінің тарихы тереңде екеніне және адамзат баласын оны қорғауға алу керектігін халыққа ұқтырмақ болды. Абайдың: «Жаз», «Қарашада өмір тұр», «Ыстықтан, суықтан», «Көк алма бұлт сөгіліп», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Лай суға май бітпес қой өткенгі», «Сұм дүние танып жатыр ісің бар ма?», «Сұрғылт тұман дым бүркіп», «Қараңғы түнде тау қалқып», «Теректің сыйы», «Емен мен шілік»[1] деген сияқты табиғи лирикамен, экологиямен байланысты өлеңдері өте көп.

Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?
Баяғы күш, баяғы түсің бар ма?
Алды-үміт, арты-өкініш алдамшы өмір
Желігін жерге тықпас, кісің бар ма?
Демі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?
Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.
Қай қызығы татиды, қу өмірдің
Татуды араз, жақынды жат қыларда,
Ет жүрексіз ерніңнің айтпа сөзін,
Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін
Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма?

Шымылдық боп көрсетпес шыңның жүзін. [1,261]

-демекші сол замандағы халықтың да табиғатқа, қоғамға деген салқынқанды қарауы, бізге берілген үлкен бақ табиғат анамызға құрмет көрсетпей, табиғат байлықтарын оңды-солды пайдаланып қоршаған ортаға үлкен зардаптарын тигізуі бүгінгі адамдардың да ең үлкен мәселесі екені анық. Бұл жағдай Абай заманында да елеулі орын алғаны жайында жоғарыда айтылған өлең жолдарнан да анық көрініп тұр.

Абай – ұлы ақын, мықты философ, данышпан, ғұлама ғалым, ойшыл, аудармашы, этнограф, кеменгер тұлға. Абай қазақ поэзиясының алтын діңгегі, оның табиғат лирикасына арнаған жылдың төрт мезгілі жайлы жазған өлеңдері қазақ халқының ұлттық болмысын, табиғатпен қоршаған ортамен тығыз байланысын, әр мезгілдегі елдің қандай күйді басынан кешетінін өлең сөздері арқылы сені сол мезгілге, сол тамаша табиғатқа ендгендей күй кешіреді. Мәселен «Жазғытұры» атты өлеңінде:

«...Түйе боздап, қой қоздап – қорада шу,
Көбелек пен құстар да сайда ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұлаңдап ағады су.

Жазға жақсы киінер қыз-келіншек,
Жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек.
Қырда торғай сайраса, сайда бұлбұл,

Тастағы үнін қосар байғыз, көкек...» осы өлең шумағының өзінде-ақ табиғатты өлең сөздерімен тірілтіп, ерекше бір күш беріп жібергені айтпасада түсінікті. Абай табиғатты терең сезініп, оның қадір-қасиетін түсіне білді сол арқылы ғана табиғат жайлы адамның жан-дүниесін баурап алатын ерекше жырлар тудырды.

Кез-келген ақын, шығармашылық адамы табиғаттан қуат алады, табиғатпен күн кешеді. Табиғат оның арайлап атқан таңнан, қызарып батқан күнге, қараңғы түндегі жұлдыздар жарқылы табиғаттағы болып жатқан әрбір өзгеріс бәрі-бәрі оның шабытының шалқи түсуіне үлкен әсерін тигізеді. Ешқандай шығармашылық адамы табиғатқа жыр арнамай, табиғатты жырламай кетпейді, бұл айна қатесіз шындық. Абайдың қысқы күндерді сипаттап жазуы үлкенге де кіші ге де әсерін тигізбей қоймайды.

«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып, ажарланды.»[2,57]

-деп көз алдымызға қаһарлы қыстың ызғарын, даланың бораған боранын, суық желді елестетті. Ақынның ерекшелігі осында табиғатты ішкі жан дүниесімен терең сезіне біледі.

Абай поэзиясы – қазақ поэзиясының алтын діңгегі. Абай өлеңдерінің барлығы терең психологиямен терең мазмұнда жазылған, экологияға байланысты табиғат лирикасы табиғатты сезінуге, түсінуге үлкен мүмкіндік береді. Абай өлеңдерін толық түсінген жан болса, соның ішінде табиғат лирикасын түсініп айтпақ ойын дәл ұққан жан болса ешқашан табиғатқа залалын тигізбес еді. Себебі: оның өлеңдерінде табиғатты адаммен байланыстырып жан бітіреді, табиғатты еріксіз сөйлетеді. Әттегені сол біз қазіргі жас ұрпақ шығармаларды оқып, жаттап оның арғы айтар ойын дәл мағынасында түсіне бермейміз. Ұлы ойшыл айтпақшы «өлсе өлер табиғат, адам өлмес.» Бұл жерде адам өлмес деген ұғым адамның қалдырған ізі, жасаған жақылығы өлмес деген мағынада, ал табиғаттың өлгені әр жыл мезгілдерінің ауысу барысында жылына бір рет өлуі деп те айтуға болады. Тағы бір жағынан қарастырсақ адамның өзінің соңында ұрпағы қалар, ал табиғат ше? Табиғаттың бізге қалдырғанын біз бағаламай, табиғи байлықтарды оңды солды шашып, ормандарды отап флора мен фаунаға үлкен зардабымызды тигізудеміз. Осының бәрі табиғаттың өлгені емес пе? Жас ұрпақ осы біздің алтынға бергісіз керемет, жауһар туынды табиғаттың бағасын, қадірін білсек нұр үстіне нұр болар еді. Болашақты бүгіннен бастауымыз керек. Бүгінгі күнің жарқын, таза болса келешегің келем болар. Осы орайда тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқанда жүрегімді жарып шыққан, өкініштен туған, қазіргі экологиялық мәселелерді көре отырып жазған өлеңдерімді ұсынбақпын.

Ей, адамзат табиғатты аяландар ардақта,
Онсыз біздің күніміз жоқ әр уақытта
Табиғаттың тамашасын тамсанып
Кір-қоқыста лақтырамыз әр жаққа.
Ойландаршы осынымыз дұрыс па?
Тазалықты ойлағаның бұрыс па?
Үй алдына ағаш ек те, гүл де ек
Сосын соның ауасымен тыныста.
Қандай рақат таза болса ауамыз
Жасылданып, құлпырып тұрса даламыз.
«Бір тал кессең, он тал ек » деп айтады
Қалай ғана тауып айтқан бабамыз.
Осы сөздің астарында мән жатыр,
Табиғатты ойламасақ бұл күнде

Аматың жойылады сан ғасыр.
Жасыл желек құлпырса жан жағымыз,
Шуақты боп атады таңдарымыз.
Болашаққа сеніммен бастайтұғын
Орындалсын әрқашанда арманымыз.

Біз табиғаттың құрамдас бөлшегіміз. Адам табиғатсыз өмір сүре алмайды, тіршілікке керекті барлық құрал – жабдықтарды аяулы табиғатымыздан алады. Сондықтан біз табиғатты аялайық!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1) Шығармалар. Абай Құнанбаев. – Алматы: Мөр баспасы. 1994.
- 2) Ысмағұлов Ж.. Абай: Даналық кітабы. - Алматы: Өнер баспасы/2007.
- 3) Бейсенова Ә.С. Экология және табиғатты тиімді пайдалану. - Алматы, 2004.
- 4) Жатқанбаев Ж.Ж.. Экология негіздері. - Алматы, 2008.
- 5) Экологияның рухани өрісі. Қ.Б. Бекішев, Қ.Д. Асанов. Қарағанды. 2014.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ЖӘНЕ «КӨКШЕТАУ» ПОЭМАСЫ

*Бекішев Қ.Б., б.э.к, профессор,
Манатова А. студент,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

«Сексен көл Көкшетаудың саясында,
Әрқайсы алтын кесе аясында.
Ауасы дертке дауа жұпар иісін,
Көкірек қанша жұтса таясын ба?»[2,22]

Бұл қазақтың кербез ақыны Сәкен қалдырып кеткен «Көкшетау» поэмасынан үзінді. Жаңарқаның мөлдір ауасын жұтып, Сарыарқаның қара топырағына аунап ер жеткен Сәкен Сейфуллин қазақ поэзиясына жаңа түр, тың мазмұнмен байытқан ақиық ақын, ірі мемлекет қайраткері, сарабал жазушы, драматург, қаламгерлердің бетке ұстар беделді серкесі, келбетті де сымбатты қазақ сал-серілерінің бірі. Әр түрлі тақырыпта қалам тартып, салиқалы жазған еңбектерімен дара бағаланатын Сәкеннің табиғат лирикасындағы басты шығармасы, бірнеше тараудан тұратын «Көкшетау» пэмасы болып табылады. Бұл поэманың ең басты ерекшелігі барлық ғылым саласымен тығыз байланысты. Мысалға, экология саласымен алыа байланыстырып көреклік.

Қарасан көзін тоймайтын, сұлулығына тамсанып махаббатын ойнайтын Көкшетаудың табиғаты керемет, құтты жәннат дерсін. Мұны жалғыз мен емес Сәкен ақында мойындаған, жырлаған. Мәселең, Көкшенің әрбір шыңы тірі жан баласы аяқ басып бара алмайтын, барғанның өзінде қайта қайтып оралмайтындай заңғарлығын:

«Қарағай биік шыңды қиялаған,
Еш адам оны барып қия алмаған.
Шаңқылдап, тау жаңғыртып, шыңға қонып,

Жалғыз-ақ көк қаршыға ұялаған.»[2.22]- деп суреттеген. Бұл жыр шумақтарында бізді қоршаған табиғаттың бейнесін суреттейді. Яғни, табиғат дегеніміз ол экология ғылымының зерттейтін нысаны. Ақын бірінші экологиялық тұрғыдан табиғат жаратылысын зерттеп алып барып, көркем тілмен сипаттап қағаз бетіне түсірген.

Көкшенің аясында үлкен, пішіні жантайып жатқан адам бейнесіне ұқсайтын бір жартаc бар. Ақын сол жартасты өзінің поэмасының «Жеке батыр» тарауында былай деп суреттейді.

«Болыпты баяғы да жеке батыр,
Тау бағып жатады екен тігіп шатыр.
Бір күні қарауылда қалғып кетіп,
Сол батыр бүгінгіше ұйқтап жатыр.»[2.23]

Ақын табиғат көрінісін аңызбен суреттей отыра экология мен әдебиет арасындағы байланысты нығайтып отыр. Тіпті сол тауға жасы қырыққа келген, жоталары биік, яғни ірі денелі, сақалын төсін жапқан деп тасын жарып, өскен ағаштары бар деген мағынада, қыр мұрынды, басында дулығысы